

А.А. Мусекенова\*, Д. Нұрмуханқызы

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(E-mail: mussekenova\_aizhan@bk.ru, daniyafmo@mail.ru,)*

*ORCID ID 0000-0003-3544-2311*

*ORCID ID 0000-0003-3817-1975*

## **Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық пробацияны жүзеге асыруда құқықтық көмекті қамтамасыз ету**

Зерттеудің мақсаты өзіне қатысты пробацияны жүзеге асыратын адамдарды құқықтық көмекпен қамтамасыз етудің қазіргі жағдайын қарастыру және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Мақалада өздеріне қатысты үкімдік және пенитенциарлық пробация қолданылатын адамдардың құқықтық көмек алуының қалыптасқан тетігі қарастырылған. Білікті заң көмегін алудың қиындығына және оны түзеу мекемелерімен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Өздеріне қатысты үкімдік және пенитенциарлық пробация қолданылатын адамдардың білікті заң көмегімен қамтамасыз етілу дәрежесін анықтау мақсатында зерттеудің жалпыға ортақ, жалпы ғылыми, жеке және жеке-құқықтық әдістері пайдаланылды. Атап айтқанда, пробация қолданылатын адамдарға заң көмегін көрсету туралы заңнаманың дамуын зерделеу мақсатында диалектика әдістері пайдаланылды. Пробация жүзеге асырылатын адамдарды құқықтық көмекпен қамтамасыз етудің проблемалары, сондай-ақ жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауда қазіргі жағдайға талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде құқықтық көмекпен қамтамасыз ету проблемалары жүйеленді және оны жетілдіру мақсатында заңнамаға ұсыныстар әзірленді. Осы тақырыпты зерттей келе, үкімдік және (немесе) пенитенциарлық пробация белгіленген адамдардың құқықтық көмекпен қамтамасыз етілуінің заңнамалық олқылықтары бра екендігін және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтінін атап өтуге болады.

*Кілт сөздер:* сотталған, құқықтық көмек, пробация, үкімдік пробация, пенитенциарлық пробация, адвокат, заң консультанты, түзеу мекемесі, әділдікке қол жеткізу, құқық үстемдігі.

### *Кіріспе*

Азаматтар үшін әділдіктің орнауы мен құқық үстемдігінің салтанат құруы бұл тек қана қылмысты ашумен шектелмейді, сонымен бірге қылмыс жасаған адамға тиісті жазаны тағайындау, сондай-ақ жазаны орындау мен өтеудің тәртібі мен шарттары да маңызға ие. Алайда, әлемдік тәжірибе адамды қоғамнан оқшаулайтын біржақты қатал шаралар, жазаны өтеп жатқан адамға қатал қарау арқылы оны қайта тәрбиелеу оның өзгеруіне алып келмей ғана қоймай, сонымен бірге тұлғаның қылмыстылық сипатын жоғарылататынын, сол арқылы бұрынғы сотталған адамды қайта әлеуметтендіруді қиындататынын көрсетеді.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Конституциясы мен халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес елімізде пенитенциарлық жүйені модернизациялау іске асырылуда. Осыған сәйкес сотталғандарды халықаралық стандарттарға сәйкес тиісті жағдайларда ұстау мақсатында түзеу мекемелерінің ғимараттарын салу мен қайта жабдықтау жасалуда. Аталмыш жұмыс мемлекеттік-жеке әріптестік тетіктерін қолдану арқылы жүзеге асырылып келеді. Кейбір авторлар осындай шаралар түзеу мекемелеріндегі құқықтық тәртіптің нығаюына, қылмыстылықтың, қасақана бұзушылықтың, өзін-өзі өлтіру фактілерінің азаюына алып келді деп есептейді. Сондай-ақ олардың пікіріне сүйенсек, мұндай жағымды өзгерістер «түзеу мекемелерінің тұрғындарының» санының төмендеуіне әкелген [1].

Пенитенциарлық жүйені жаңғырту тек қана жаңа ғимараттар салу немесе түзеу мекемелерін қайта жабдықтаумен, сотталғандарды еңбекпен қамтумен шектелмеуі тиіс, сонымен бірге мұндай процесс сотталғандарды заң (қағаз) жүзіндегі емес, шынайы құқықтық көмекпен қамтамасыз етумен қатар жүруі қажет деп есептейміз.

Сотталғандардың саны жөнінен Қазақстан егемендік алған уақытта АҚШ пен Ресейден кейінгі үшінші орында болғанын ескерсек, тәуелсіздік алған уақыттан бері сотталғандардың саны

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mussekenova\_aizhan@bk.ru

төмендегенін айта кетуіміз керек. Бүгінгі таңда еліміздің пенитенциарлық жүйесінде 30 000-нан аса адам қамауда. Сотталғандардың қазіргі санына сәйкес Қазақстан әлемде жүзінші орынға келіп тірелген.

2021 жылдың ақпан айындағы жағдайға сәйкес республикамызда 64 түзеу мекемелері бар, оларда 25 827 сотталғандар қамауда, сондай-ақ 16 тергеу абақтыларында жауапқа тартылған 5805-тен аса адам отыр. Бұл көрсеткіште Қазақстанның 30 жыл тәуелсіз ел ретіндегі 8 рет рақымшылық жасағаннан кейінгі сотталғандардың саны көрсетілген [2]. Сонымен бірге жыл сайын 100 мыңнан аса қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалады және соған сәйкес қылмыстық істер тіркеледі. Мысалы, 2022 жылдың 9 айында 116 000 қылмыстық іс тіркеліп, оған 40 000-нан аса адам қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деген күдікпен жауаптылыққа тартылған [3]. Бұл сандарға бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталғандардың санын қосыңыз. Демек, орташа есеппен 100 мыңға жуық аса адамды сотқа дейінгі, үкімдік және пенитенциарлық, пенитенциарлықтан кейінгі құқықтық көмекпен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Бұл көрсеткіш Қазақстан халқының 0,5% ғана құрайды. Дегенмен де, Қазақстандағы пробация жүйесін дұрыс қалыптастыру еліміздің құқықтық мемлекет ретінде нығаюының, азаматтық қоғамның дамуының, демократиялық құндылықтарды ұстанған, адам құқықтарын жоғары қоятын мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының келбетін қамтамасыз етуде маңызы зор. Мұндай пробациялық жүйе жазаларды орындаудағы олқы тұстарын болдырмауға, құқық бұзушыны шынайы қалыпқа келтіру, қайта тәрбиелеуге, оны қоғамға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған тұлғалардың барлығының да өзге азаматтармен қатар құқықтар мен бостандықтарды иеленуіне, қолдануына ҚР Конституциясымен және БҰҰ Конвенцияларымен кепілдік берілген. Әділдікке қол жеткізу мен өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау әркімнің де ажырамас құқығы және кез келген мемлекет, соның ішінде Қазақстан да өз кезегінде осы құқықты қамтамасыз етуі, адам құқықтарын қорғаудың шараларын қабылдауы тиіс. Бұл Қазақстан Республикасының 13-бабының 3-тармағында бекітілген және оған сәйкес «әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар» [4].

Сондай-ақ, ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 26-бабы 1-тармағында «барлық жеке және (немесе) заңды тұлғалардың заң көмегін тегін алуға құқығына мемлекет кепілдік беретіні» [5] бекітілген. Демек, құқықтық көмек ҚР Қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, ақталған, жәбірленуші сияқты арнайы мәртебеге ие азаматтарға да тиесілі.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес арнайы мәртебеге ие болған адамның белгілі бір құқықтары мен бостандықтары шектеледі және өкінішке орай мұндай азаматтар ұстап алу мен абақтыға ұстаудың, жазаны өтеудің тәртібі мен жағдайлары туралы, қылмыстық процесс барысында бұзылған құқықтары туралы уақтылы мәселе көтеруге мүмкіндіктері болмайды.

Заңнама мен тәжірибені талдау жоғарыда аталған адамдар категориясының өз құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауда қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Оның дәлелі ретінде түзеу мекемелеріндегі ауру-сырқау деңгейінің артуы [6, 122-124], азаптаулардың [7], күдіктіге (айыпталушыға), сотталушыға қысым жасаудың көбеюі [8], шағымдар мен қарсылықтардың азаймауын [9] және т.б. айтуға болады. Соңғы уақытта түзеу мекемелеріндегі шешілуі қиын мәселелердің бірі сотталғандардың құқықтарына тиісті құрметтің болмауы, ол өз кезегінде жоғарыда аталған адамның әділеттілікке қол жеткізу құқығын жүзеге асыруға кері әсерін тигізеді.

Әділеттілікке қол жеткізу құқығын қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі сотталғандарды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету және мұндай көмек ең алдыңғы қатарда кәсіби негізде — қорғаушылармен (адвокаттармен) іске асырылуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты өздеріне қатысты үкімдік және пенитенциарлық пробация жүзеге асырылатын тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз етудің қазіргі жағдайын зерделеу және оны жетілдіруге байланысты ұсынымдарды дайындау. Аталмыш мақсатқа жету үшін жоғарыда аталған тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету туралы заңнаманың дамуын зерттеу, сотталғандарға құқықтық көмек көрсетудегі қиындықтарды анықтау, туындаған жағдайдың әділеттілікке қол жеткізудің, жалпы алғанда құқық үстемдігінің дамуына әсерін зерттеу сияқты міндеттер қойылған.

Бас бостандығын шектеуге немесе шартты түрде сотталған, сонымен бірге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету заңнамалық тұрғыда бекітілгендігіне қарамастан, оны жүзеге асыру тетігі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Теория жүзінде жергілікті атқарушы органдар, түзеу мекемелері оларға әлеуметтік-құқықтық көмекпен,

соның ішінде кәсіби заң көмегімен қамтамасыз етуі қажет, тәжірибеде іске асыруда оның бірнеше қиындықтары кездеседі.

### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеу барысында жалпы философиялық, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және арнайы құқықтық әдістер қолданылды. Айтар болсақ, бас бостандығын шектеуге немесе шартты түрде сотталған, сонымен бірге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету туралы заңнаманың дамуын зерттеуде диалектика тәсілдері пайдаланылды. Осы аталған тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз етудің қазіргі жағдайына талдау жасалды. Пробациялық бақылаудағы тұлғаларды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету қажеттілігінің көлемін нақты анықтауда квантитативті әдіс көмегін тигізді. Нақты жағдайға шолу жасауда ғылыми-тәжірибелік конференция, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық құқықтық құжаттар зерделенді.

### *Нәтижелер*

Пробациялық бақылауды жүзеге асырудағы құқықтық көмекті қамтамасыз ету бағытында Қазақстан Республикасы біршама ілгері қадамдар жасағанын байқауға болады. Бұл бағыттағы озық норманың бірі ретінде ең бірінші, Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабы 3-тармағында «әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар» және де оны заңда көрсетілген негіздерде тегін алуға болады деген қағиданы бекітуін атауымызға болады. Оған сәйкес, сотталған азамат өзінің осы мәртебесіне қарамастан, кәсіби заң көмегін алуға құқылы екенін байқаймыз. Жоғарыда атағанымыздай кәсіби заң көмегі азаматтық қоғамның тәуелсіз институтының өкілі ретінде кәсіби адвокаттардың көмегімен іске асырылады, осыған қарамастан қазақстандық заңнама сотталғандарға көрсетілетін кәсіби құқықтық көмек берудің тәртібін егжей-тегжейлі реттемейді. Сотталушыға қатысты үкім шығарылған уақыттан бастап сотталған тұлға ел Конституциясының 13-бабы 3-тармағында бекітілген құқықтарын іске асыру мүмкіндігінен айырылады. Тәжірибе осы сәттен бастап сотталған тұлғаға құқықтық көмек аса қажет екендігін, себебі пенитенциарлық мекемелерде оларға қарсы азаптаулар мен қатал қараудың күшею мүмкіндігі артатынын көрсетеді [10].

Құқық үстемдігін жүзеге асыру мен оның қоғамдағы көріністерін жоғарылату бағытында қазақстандық пенитенциарлық жүйені жетілдіру қажеттігі туындады. Осы мақсатты іске асыруда мемлекет басшысы «Ұлт жоспары — бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасының 2-бағыты ретінде «Заң үстемдігін қамтамасыз етуді» қарастырған болатын. «100 нақты қадамның» 34-қадамы ретінде аталған пенитенциарлық жүйеде халықаралық тәжірибені қолданудың тетіктерін қарастыруда біршама қадамдар жасалған. 2021 жылдан бастап Бас прокуратура мен «Еңбек» РМК өкілдері мемлекеттік-жеке әріптестік аясында жеке инвесторлардың қаражатын тарта отырып пенитенциарлық мекемелердің жаңа ғимараттарын салу, түзеу мекемелерінің ішінде өндірістер құру, сотталғандарды еңбекпен қамту мен бейнебақылаулар орнату сияқты оң өзгерістерді қолға алуда.

Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңнамаларын жаңғырту барысында еліміздің заң шығарушы органы қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаларға қатысты пробацияны іске асырудың халықаралық тәжірибесін ескергендігі байқалады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару кодекстері пробация ұғымын, оны қолданудың негіздері мен тәртібін, пробациялық бақылауда болатын тұлғалардың категориясын айқындап берді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44 және 63-баптары бас бостандығы шектелген немесе шартты түрде сотталғандарға пробациялық бақылау белгілейді. Оған сәйкес бас бостандығы шектелген немесе шартты түрде сотталған азаматтарға пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешіміне сәйкес сотталған адамның белгілі бір міндеттерді орындауынан тұрады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі күдікті ретінде танылған азаматтың өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге құқығын бекітеді. Демек, пробация қызметін пайдалануға, оның ішінде құқықтық көмек алуға жоғарыда аталғандай тек қана бас бостандығы шектелген немесе шартты түрде сотталған азаматтарға ғана тиесілі емес екені анықталды. Қылмыстық-процестік заңнама пробация қызметіне жүгінуге өзіне

байланысты күдікті деп тану туралы прокурормен келісілген қаулы шығарылған азаматтың құқығын анықтап берген.

Қылмыстық-атқару заңнамасы пробация, пробациялық қызмет пен пробациялық бақылаудың ұғымын, сондай-ақ пробациялық бақылауды жүзеге асырудың тәртібін анықтаған. Оған сәйкес, пробация адамдардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылық істеуінің алдын алу мақсатында олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және де әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралардың жүйесі деп көрсетілген. Сондай-ақ, мұндай адамдардың санатын пробация туралы заңмен айқындалады деп көрсетеді [11]. Берілген ұғымға байланысты біздің пайымдауымызша, пробация бас бостандығы шектелген немесе шартты түрде сотталған адамдарға ғана емес, сонымен бірге қоғамнан оқшаулана отырып, жазасын өтеп жатқан азаматтардың да мінез-құлқын түзеп, оларды жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алатын бақылау болуы тиіс. Және де ол біз айтып отырған адамдардың санатына да әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлерін қамтамасыз етумен, соның ішінде құқықтық көмек берумен қатар жүзеге асырылуы тиіс. Алайда, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 19-бабында пробациялық бақылау бас бостандығын шектеу түрінде жазаға тартылған, шартты түрде сотталған, немесе бас бостандығын айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты іске асырылады деп көрсетеді. Яғни, осы нормаға сәйкес жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу үшін адамдардың мінез-құлқын түзеу мақсатындағы іске асырылатын пробациялық бақылаудың субъектілері тек қана шартты түрде сотталғандар, бас бостандығы шектелгендер мен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар екені айқындалып тұр. Демек, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 19-бабының нормалары осы кодекстің 3-бабы 7-тармағында көрсетілген нормаларға қайшы келеді деп пайымдауға болады. Себебі ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 3-бабының 7-тармағы пробацияның ұғымын айқындай отырып, мұндай бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері, жеке айқындалатын шаралар қолданылатын адамдардың санаты заңмен айқындалатынын бекіткен. Шындығында, 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» заңы қабылданып, заңның 12-бабына сәйкес пробацияның түрлері анықталып көрсетілген. Осыған сәйкес пробацияның сотқа дейінгі, үкімдік, пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі деген түрлерге бөлінеді. Біздің тақырыбымызға сәйкес пенитенциарлық пробацияның жүргізілу жайы.

Анықтамаға сәйкес пенитенциарлық пробация қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы [12] деп қарастырған. Заңға сәйкес сотталған тұлғаны әлеуметке қосу қылмыстық-атқару мекемесіне келген кезден бастап іске асырылады. Құқықтық көмек пенитенциарлық мекемеге келіп түскен адамға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызметтің бір түрі және ол жеке адаммен айқындалуы тиіс шаралардың жүйесін құрайды.

Адвокаттардың сотталғандарға бас бостандығынан айыру орындарында құқықтық көмек көрсетудегі басты қиындықтары оларға сенген сотталған азаматтардың жазаны өтеу орнына жеткізілгенге дейін басталады. Себебі, түзеу мекемесінің атауы мен мекенжайы тек сотталушы келіп жеткеннен кейін ғана белгілі болады. Осы себепті құқықтық көмек көрсетуші — адвокат сотталушыға оны пенитенциарлық мекемеге тасымалдау уақытында заң көмегін көрсетуге мүмкіндігі болмайды. Біздің ойымызша, дәл осы сотталушыны тасымалдау кезінде «жолда» кездесетін тергеу изоляторларында және тасымалдау кезеңінде сотталушыға дене күшін көрсетуі мүмкіндігі өте жоғары. Сондықтан, сотталушыға ең алғашқы сәттерде оның бас бостандығынан айыру орындарында әлеуметке қосылуы және де істеген кінәлі істері үшін сол ортадан ешқандай қорлық көрмеуі үшін құқықтық көмек көрсетілуі шарт.

Адвокаттардың пенитенциарлық мекемемен жұмыста кездесетін тағы бір мәселесі сотталғандармен кездесуге мүмкіндіктер бермеуі, яғни бұл дегеніміз құқықтық көмектің қол жетімсіздігі. Соның ішінде мереке және демалыс күндері мұндай мүмкіндіктер өте төмен, бұл сотталушының өміріне, денсаулығы мен адами қадір-қасиетіне шын мәніндегі қауіп төндіретіні анық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысымен өздеріне қатысты пробация қолданатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары бекітілген. Осы қағидаларға сәйкес жергілікті атқару органдары, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар сотқа дейінгі, үкімдік, пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді. Қағиданың 4-тармағында пенитенциарлық пробация қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталған адамға қатысты қолданылатыны қарастырылған. Және де

ҚР «Пробация туралы» заңына, сондай-ақ жоғарыда айтылған қағидаға сәйкес пенитенциарлық пробация қолданылатын адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды.

Қағидада әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыты ретінде білім алуға, мамандық меңгеру, жұмысқа орналасу, емделу және де құқықтық көмекпен қамтамасыз ету қарастырылған. Қағиданың 10-бабында өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға құқықтық көмек көрсетуге қандай қызметтер кіретінін мүмкіндігінше ашып көрсетеді. Мұндай қызметтер ретінде:

а) заң бойынша өздеріне тиесілі әлеуметтік жәрдемақыны, арнаулы төлемдерді алу үшін, жұмысқа орналасу үшін, оқуға, медициналық көмек алу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуге жәрдемдесу;

ә) әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандырылуға заңда белгіленген құқықтары мен оның бұзылуынан қорғау жөніндегі заң кеңестерін беру;

б) өмірлік қиын жағдайлардан шығу үшін ықпал ететін заңнамалық жеңілдіктерді, жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу.

### *Талқылаулар*

Сот төрелігіне қолжетімділік әрбір азаматтың ажырамас құқығы болып саналады және де ҚР Конституциясының 13-бабының 3-тармағына сәйкес «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқылы». Сондықтан мемлекет өз тарапынан оны адамға қандай да бір ерекшелігіне, мәртебесіне қарамастан қамтамасыз етуі тиіс. «Әркімнің», демек сотталушы өзінің «мәртебесіне» қарамастан, кез келген жағдай мен уақытта білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Ата заңымыздың осы бабы азаматтық қоғамның тәуелсіз институты ретінде білікті заң көмегін көрсететін — адвокаттар арқылы жүзеге асырылады. Осыған қарамастан, сотталушыларға білікті құқықтық көмек көрсетудің тәртібі қазақстандық заңнамада егжей-тегжейлі қаралмайтындығын жоғарыдағы нәтижелер көрсетті. Үкім заңды күшіне енген сәттен бастап сотталушы мәртебесін алған азамат ҚР Конституциясының 13-бабының 3-тармағында көзделген құқығынан айырылады. Керісінше, осы сәттен бастап мұндай тұлғалар құқықтық көмекке зәру екенін зерттеуіміздің басында айтып өткен болатынбыз.

Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бес институционалдық реформалардың кезеңдерін айқындап берген. Соның екіншісі — құқық үстемдігі. Азаматтар үшін заңдылық пен әділеттіліктің салтанат құруы бұл жасалған қылмысты ашу ғана емес, сонымен бірге оны жасаған адамды тиісті түрде жазалау. Алайда, әлемдік тәжірибеден байқағанымыздай, адамды қоғамнан оқшаулайтын жазалау жүйесінің ғана болуы сотталушының қайта тәрбиеленуіне емес, керісінше тұлғаның одан әрі криминализациялануына алып келеді, сондай-ақ ол босап шыққаннан кейін оның әлеуметтенуін қиындатады. Сондықтан да дамыған мемлекеттердің көпшілігі басқа жолмен жүруге тырысуда. Мұндай мемлекеттер пробация қызметін және түзеу мекемелерінің инфрақұрылымын жетілдіре отырып жазаның өзге баламалы әдістерін белсенді қолдануда. Тәуелсіздік алған уақыттан бастап Қазақстан да халықаралық стандарттарға сәйкес пенитенциарлық жүйені ізгілендіруді бастаған болатын. Осындай жағымды өзгерістер мен жаңа қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару кодекстерімен жұмыс жасау «түрме тұрғындарының» санын кеміткенін жоғарыда айтқан болатынбыз [1].

Сонымен «түрме тұрғындарының» санын азайту мақсатында Қазақстан халықаралық тәжірибеге сүйенді. Оның нәтижесі ретінде қазақстандық заңнамаға Еуропада бұрыннан белгілі құқықтық институт — пробацияны енгізу болды. 2016 жылдың 30 желтоқсанында «Пробация туралы» дербес заң қабылданды. Оның қабылдануымен қазақстандық пробация моделі жүйеленіп, оның әртүрлерінен логикалық бағыты құралып, ұйымдастырушылық негіздері қалыптасты. Пробацияның негізгі мәні болып тек сотталушылар мен бұрынғы сотталғандарға ғана емес, сонымен бірге күдіктілер мен айыпталушыларға да әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету деп танылды.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, адвокаттың кәсіби білікті көмегі жазаны өтеудің кез келген сатысында қажет, алайда бас бостандығын айыру орындарында отырғандардың барлығы дерлік оны қаржылық жағдайларына байланысты ала алмауы бір ғана себеп десек, жалпы құқықтық көмек көрсетудің заңнамалық жетімсіз тұстары мен ұйымдастырушылық жағының жетілмеуі оның басты себебіне айналып отыр. Енді осы себептерді жеке-жеке талдасақ.

Сотталушылардың бойындағы құқықтық нигилизм, сот төрелігіне қолжетімділікке деген үміттің болмауы құқықтық көмекке жүгінбеудің ең алдыңғы себептерінің бірі. Сотталушылардың өз құқықтарын пайдалануға деген сенімнің төмендеуі көптеген жылдар бойына қылмыстық-атқару

жүйесінде қалыптасқан сыбайлас жемқорлықтың өркендеуі, соның нәтижесінде пенитенциарлық жүйеде жұмыс жасайтындардың лауазымдық қылмыстарының өсуі деп айтуға болады. Қылмыстық-атқару жүйесінде өркендеген сыбайлас жемқорлық сотталған азаматтардың азапталуына, олардың қажетті жағдайда құқықтық көмекке жүгінбеуіне алып келуде. Осы жүйедегі жемқорлық көріністерімен күрестің үздіксіз жүргізіліп отырғанына қарамастан, соңғы уақыттарда да түрмедегі азаптаулар, қадір-қасиетіне қол сұғулар азаяр емес [13]. Сонымен бірге сотталғандар, оның ішінде жүкті әйелдер, 1, 2, 3 топ мүгедектері, кәмелетке толмағандар сияқты сотталғандардың осал санаттары да өздерінің құқықтары мен бостандықтары туралы мағлұматпен аз қамтылған. Ақпараттың тиісті дәрежеде жетіспеуі де олардың құқықтарын пайдалануға мүмкіндік бермейтін фактор деуге болады.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, сотталғандардың барлығының дерлік құқықтық көмекке жүгінуге қаржылық жағдайы жетіспеуінен деп айтуға болады. ҚР Конституциясының 13-бабының 3-тармағы «Занда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі» деп кепілдік береді. Сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмекті қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесі жүзеге асыратыны ҚР «Пробация туралы» заңының 15-бабының 3-тармағында бекітілген. Алайда, осы норма тек заң жүзінде қалып отырғаны жасырын емес, себебі пенитенциарлық мекемелер сотталғандарға білікті заң көмегімен тәжірибеде қамтамасыз етпеген. Мұндай мекемелерде құқықтық көмек көрсететін штат бекітілмеген және де мекеменің штаттық заңгері келіп түскен жіктемені үлгермейді, сондай-ақ оның адвокат емес, қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару заңнамалары бойынша кеңес беруге маманданбағанын да айта кетуіміз керек.

Заңнамалық тұрғыдағы жетімсіз тұстарына тоқталар болсақ, жоғарыда көрсетілгеніндей ҚР «Пробация туралы» Заңында да, сонымен бірге өздеріне қатысты пробация қолданатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларында да, ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңында да өкінішке орай сотталғандарға құқықтық көмек көрсетуді кім, қандай уақытта және қалай жүзеге асыратыны туралы егжей-тегжейлі қарастырылмаған. Оның үстіне, құқықтық көмек ретінде сотталғандардың көбіне әлеуметтік құқықтарын, яғни заңмен белгіленген жәрдемақыларын, арнаулы төлемдер, әлеуметтік көмекті, өмірлік қиын жағдайлардан өтуге ықпал ететін жәрдемақыларды алудағы көмекті қарастырғанын да айтуымыз керек. Сотталғандарға нағыз қажетті көмек ретінде оларға қарсы жасалған азаптау, қорлау, зорлық-зомбылық жасаудың, адами қадір-қасиетіне келтіретін нұқсанның алдын алу деп есептейміз. Осыған сәйкес заңнамалық жетімсіз тұстарды одан әрі жетілдіру қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жоғарыда аталған құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік берер еді. Және де жоғарыда айтқанымыздай, белгілі бір кезеңге құқықтары мен бостандықтары шектелген азаматтарға құқықтық көмек кәсіби құқық қорғаушылармен, яғни адвокаттармен берілер еді. Алайда, «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсанындағы №38-VI Заңында «адвокат» немесе «заң консультанты» деген сөздер тіптен кездеспейтіні қынжылтады.

Мемлекетпен кепілдендірілген заң көмегімен қамтамасыз ету мен оны жүзеге асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін заңнамалық бекіту қажеттілігі сотталған адамның өз құқықтарын сот, прокуратура сияқты тиісті органдарда қорғауымен тікелей байланысты. Әрбір адам әлемнің қандай нүктесінде болғанына қарамастан, қандай да бір қоғамдық қатынастарға түскенде белгілі бір құқықтық мәртебеге ие болады. 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 6-бабы әрбір азамат қай жерде болғанына қарамастан құқық субъектілікке ие екендігіне кепілдік береді. Аталмыш баптың нормалары бас бостандығынан айыру сияқты қылмыстық жазаларды орындау кезіндегі туындайтын қоғамдық қатынастарға да тікелей байланысты [14].

### *Қорытынды*

Осылайша, бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандар өздері жасаған қылмыстарына қарамастан ең алдымен мемлекеттің қорғауында болады. Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін өзге азаматтармен бірдей дәрежеде қорғау міндетін алған. Алайда, осы тақырыпты зерттеу барысында пробациялық бақылаудағы азаматтарға құқықтық көмекті қамтамасыз ету саласында өзіндік жетіспеушіліктер кездеседі және оны міндетті түрде түзету қажет.

1. Сотталған мәртебесін алған тұлғаларға білікті құқықтық көмек көрсету тәжірибе жүзінде соттың үкімі жарияланған сәтте аяқталатынын көрсетті. Кейбір жағдайларда мұндай көмектің

аяқталуы апелляциялық немесе кассациялық сатыда соттың шешімі жарияланған уақытта аяқталуы да мүмкін. Жоғарыда қаралғанындай, біздің заңнамамыз сотталған азаматтарға құқықтық көмек көрсетуді қарастырған. Алайда тәжірибе басқаша көрсетеді. Айталық, құқықтық көмекке, одан кейін сот төрелігіне қолжетімділік сотталған тұлғаны тасымалдау кезінде аса қажет екені жоғарыда айтылды. ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңын, «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсанындағы № 38-VI Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысымен өздеріне қатысты пробация қолданатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын құқықтық талдау мұндай көмектің сотталған адамға кіммен, қай уақыттарда, қандай жағдайларда көрсетілетінін және сотталған адамның кез келген уақытта құқықтық көмекке жүгіну механизмдерін ашып қарастырмағаны дәлелденді.

2. «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсанындағы № 38-VI Заңының 2-тарауында адвокаттар мен заң консультанттары пробацияны жүзеге асыратын субъектілер ретінде танылып, олардың құқықтық көмек көрсетуге байланысты құзыреттіліктері айқындалуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысымен өздеріне қатысты пробация қолданатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларында кәсіби адвокаттармен, заң консультанттарымен білікті заң көмегін жүзеге асырудың механизмі толықтай ашып көрсетілуі тиіс. Мұндай мәліметтер ретінде сотталғандардың адвокаттармен кез келген уақытта байланыса алуының мүмкіндіктері, байланыстың қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің басшылығынан тәуелсіздігі, сотталғандармен адвокаттың кездесу еркіндігі, құқық бұзушылық болған жағдайда адвокаттың дәлелдемелерді алуының мүмкіндіктері т.б. қаралуы қажет.

4. Мемлекет кепілдік берілген тегін заң көмегін сотталған тұлғаның пайдалану мүмкіншілігін арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне осы көмекті тиісті қаржыландырудың көздерін қарастыруды енгізу керек.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы пробация саласындағы құқықтық және ұйымдастырушылық реформаларды іске асыру қылмыстық-атқару жүйелерінде адам құқықтарының сақталуына, қылмыстылықтың төмендеуіне алып келері сөзсіз. Реформа жүзеге асырылмаса құр пробациялық бақылаудың декларативтік түрде заңмен белгілеу болып, ешқандай өзгерістерге алып келмейтіні анық.

## Әдебиеттер тізімі

1 Бисенкулов Б. Пенитенциарная система переходит к международным стандартам / Б. Бисенкулов. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36053998&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36053998&pos=6;-106#pos=6;-106)

2 Акимжанов Т. О переосмыслении некоторых подходов противодействия преступности в процессе исполнения уголовных наказаний в рамках реализации принципа «слышащего государства» / Т. Акимжанов // 30-летие Независимости Республики Казахстан и 100-летие со дня рождения академика Салыка Зимановича Зиманова: Междунар. науч.-практ. конф. — Костанай, 2021. — С. 24–31.

3 Құқықтық статистика көрсеткіштері. Қылмыстық құқық бұзушылық. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal>

4 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 11319 «Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары» қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001131>

6 Аккулев А.Ш. Туберкулез в исправительных учреждениях Казахстана / А.Ш. Аккулев // Вестн. Казах. нац. ун-та. Сер. юрид. — 2009. — №3(51). — С. 122–124. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/107>

7 Түрмедегі азаптаулар. Жасамаған дүниелерді мойнына алып кетесің. Болмаса өлесің... — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://www.youtube.com/watch?v=h9fqNu\\_pCSA](https://www.youtube.com/watch?v=h9fqNu_pCSA)

8 Абақтыдағы Қайрат Кұдайбергенге моральдық-психологиялық қысым жасалды. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://aikyn.kz/194040/abaktydagy-kayrat-kudaybergenge-moraldyk-psihologiyalyk-kysym-zhasaldy/>

9 Түрмедегі туыстарын қорғаушылар көп тосқауылға кезігеді. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_prisoners\\_relatives/24216131.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_prisoners_relatives/24216131.html)

10 Түрмедегі азаптау тыйылмай тұр ... — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://dalanews.kz/news/13921-13921>

11 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V Қылмыстық-атқару кодексі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>

12 Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI «Пробация туралы» Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038>

13 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пенитенциарлық жүйеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды күшейту қажеттілігін көрсетті. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://dknews.kz/ru/kazak-tilindegi-makalalar/85679-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-kyzmet-penitenciarlyk>

14 Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған № 217 А (III) «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O480000001>

А.А. Мусекенова, Д. Нурмуханқызы

## Обеспечение правовой помощи в осуществлении пенитенциарной probation в Республике Казахстан

Целью исследования является рассмотрение современного состояния обеспечения правовой помощью лиц, в отношении которых осуществляется пенитенциарная probation, и выработка предложений по ее совершенствованию. Авторами исследован сложившийся механизм получения правовой помощи лицами, в отношении которых применяется пенитенциарная probation. Особое внимание уделено сложности получения квалифицированной юридической помощи и обеспечения ее исправительными учреждениями. В целях определения степени обеспеченности лиц квалифицированной юридической помощью, в отношении которых используются пенитенциарная probation и общепринятые, общенаучные, частные и индивидуально-правовые методы исследования, в частности, в целях изучения развития законодательства об оказании юридической помощи таким лицам, применены методы диалектики. Проведены анализ и оценка сложившейся ситуации по проблемам, а также достижениям и недостаткам обеспечения правовой помощью лицам, в отношении которых осуществляется probation. В результате исследования систематизированы проблемы обеспечения правовой помощью и выработаны предложения в законодательство с целью его совершенствования. Изучая данную тему, можно отметить, что существуют законодательные пробелы в обеспечении правовой помощью лицам, которым установлена пенитенциарная probation, и она не соответствует международным стандартам.

*Ключевые слова:* осужденный, правовая помощь, probation, приговорная probation, пенитенциарная probation, адвокат, юридический консультант, исправительное учреждение, правосудие, верховенство права.

A.A. Mussekenova, D. Nurmukhankyzy

## Provision of legal assistance in the implementation of penitentiary probation in the Republic of Kazakhstan

The purpose of the study is to consider the current state of providing legal assistance to persons in respect of whom penitentiary probation is carried out, and to develop proposals for its improvement. The article examines the existing mechanism for obtaining legal assistance by persons in respect of whom penitentiary probation is applied. Particular attention was paid to the difficulty of obtaining qualified legal assistance and providing it with correctional facilities. In order to determine the degree of provision of persons with qualified legal assistance, in respect of whom penitentiary probation is applied, generally accepted, general scientific, private and individual legal research methods were used. In particular, in order to study the development of legislation on the provision of legal assistance to persons to whom probation is applied, dialectical methods were used. The analysis and assessment of the current situation on the problems, as well as the achievements and shortcomings of providing legal assistance to persons in respect of whom probation is carried out. As a result of the research, the problems of providing legal aid are systematized and proposals for legislation are developed in order to improve it. Studying this topic, it can be noted that there are legislative gaps in providing legal assistance to persons who have established penitentiary probation, and it does not meet international standards.

*Keywords:* convict, legal aid, probation, sentencing probation, penitentiary probation, lawyer, legal consultant, correctional institution, justice, rule of law.



## Reference

- 1 Bisenkulov, B. Penitentsiarnaia sistema perekhodit k mezhdunarodnym standartam [The penitentiary system is moving to international standards]. (n.d.) base.online.kz. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36053998&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36053998&pos=6;-106#pos=6;-106) [in Russian].
- 2 Akimzhanov, T. (2021). O pereosmyslenii nekotorykh podkhodov protivodeistviia prestupnosti v protsesse ispolneniia ugovolnykh nakazanii v ramkakh realizatsii printsipa «slyshashchego gosudarstva» [Rethinking of some approaches to combating crime in the process of execution of criminal penalties in the framework of the implementation of the principle of the “hearing state”]. *30-letie Nezavisimosti Respubliki Kazakhstan i 100-letie so dnia rozhdeniia akademika Salyka Zimanovicha Zimanova: Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia — 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan and 100th anniversary of the birth of Academician Salyk Zimanovich Zimanol: International Scientific and Practical Conference*. Kostanai, 24–31 [in Russian].
- 3 Quqqytyq statistika korsetkishteri. Qylmystyq quqqyq buzushylyq [Indicators of Legal Statistics. Criminal offense]. base.qamqor.gov.kz. Retrieved from: [https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal\\_](https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal_) [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 30 tamyzda qabyldangan Konstitutsiiasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan adopted on August 30, 1995]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2014 zhylgy 23 qazandagy No 11319 «Ozderine qatysty probatsiia qoldanylatyn adamdarga aleumettik-quqqytyq komek korsetu qagidalary» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 23, 2014 No. 11319 “rules for providing social and legal assistance to persons subject to probation”]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001131> [in Kazakh].
- 6 Akkulev, A.Sh. (2009). Tuberkulez v ispravitelnykh uchrezhdeniiax [Tuberculosis in correctional institutions of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriya yuridicheskaiia — Bulletin of the Kazakh National University, Legal series*, 3(51), 122–124. Retrieved from <https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/107> [in Russian].
- 7 Turmedegi azaptaular. Zhasamagan dunielerdi moynyna alyp ketesin. Bolmasa olesin [Prison torture. You take away the things you did not do. If not, you will die...]. Retrieved from [https://www.youtube.com/watch?v=h9fqNu\\_pCSA\\_](https://www.youtube.com/watch?v=h9fqNu_pCSA_) [in Kazakh].
- 8 Abaqtydagy Qairat Qudaibergen moraldyq-psikhologiyalyq qysym zhasaldy [In prison, Kairat Kudaibergen was subjected to moral and psychological pressure]. Retrieved from <https://aikyn.kz/194040/abaktydagy-kayrat-kudaybergenge-moraldyk-psihologiyalyk-kysym-zhasaldy/> [in Kazakh].
- 9 Turmedegi tuystaryn qorgaushylar kop tosqauylga kezgedi [Defenders of relatives in prison face many obstacles]. Retrieved from [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_prisoners\\_relatives/24216131.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_prisoners_relatives/24216131.html) [in Kazakh].
- 10 Turmedegi azaptaular tyuilmai tur ... [Prison torture is unstoppable]. Retrieved from <https://dalanews.kz/news/13921-13921> [in Kazakh].
- 11 Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 5 shildedegi No 234-V Qylmystyq-atqaru kodeksi [Criminal Executive Code of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2014 No. 234-V]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> [in Kazakh].
- 12 Qazaqstan Respublikasynyn 2016 zhylgy 30 zheltoksandagy No 38-VI «Probatsiia turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 30, 2016 No. 38-VI “On probation”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038> [in Kazakh].
- 13 Sybailas zhemqorlyqqa qarsty qyzmet penitentsiarylyq zhuiede sybailas zhemqorlyqtyn aldyn aludy kusheitu qazhettigin korsetti [The anti-corruption Service pointed to the need to strengthen the Prevention of corruption in the penitentiary system]. Retrieved from [https://dknews.kz/ru/kazak-tilindegi-makalalar/85679-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-kyzmet-penitentsiarylyk\\_](https://dknews.kz/ru/kazak-tilindegi-makalalar/85679-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-kyzmet-penitentsiarylyk_) [in Kazakh].
- 14 Birikken Ulttar Uiymy Bas Assambleiasynyn rezolutsiasymen 1948 zhylgy 10 zheltoqsanda qabyldangan No 217 A (III) «Adam quqqyqtarynyn zhalpyga birdei deklaratsiiasy» [“Universal Declaration of Human Rights” No. 217 A (III), adopted by the resolution of the General Assembly of the United Nations on December 10, 1948]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [in Kazakh].